

## Ойыл ауданына жұмыс істеуге және тұруға келген мамандарына 2013 жылды көтерме жәрдемақы және бюджеттік кредит беру туралы

### ***Күшін жойған***

Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2013 жылғы 25 қантардағы № 73 шешімі. Ақтөбе облысының Эдiлет департаментінде 2013 жылғы 12 ақпанда № 3525 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2014 жылғы 18 ақпандағы № 150 шешімімен

**Ескеरту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 18.02.2014 № 150 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының «АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18 бабының 8 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 18 ақпандағы Қаулысының 2, 3 тармақтарына және жоғарыда бекітілген Ереженің 2 тармағына сәйкес Ойыл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ**

**Е Т Т И :**

1. Ойыл ауданына жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына 2013 жылды:

1) жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;

2) тұрғын үй сатып алуға немесе салуға әлеуметтік қолдау – бір мың бес жұз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит берілсін.

2. Мамандар үшін тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит он бес жыл мерзімге беріледі, кредит бойынша сыйақы ставкасы кредит сомасының жылдық 0,01 % мөлшерінде белгіленеді.

3. Осы шешімнің орындалуын қамтамасыз ету «Ойыл аудандық экономика, бюджеттік жоспарлау және кәсіпкерлік бөлімі» ММ-не жүктелсін.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы:*  
*C.Мусин*

*Аудандық мәслихаттың  
хатшысы:*

*Б.Бисекенов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК